

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Бобровка өзенінің (оң жағалауы) және оның оң жағалау ағысының (сол жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 150 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 мамырда № 8737 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Бобровка өзенінің (оң жағалауы) және оның оң жағалау ағысының (сол жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Бобровка өзенінің (оң жағалауы) және оның оң жағалау ағысының (сол жағалау) су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Глубокое ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Экология, геология және табиғи ресурстар
министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысының міндетін атқарушы

М.

И м а н ж а н о в

2021 жылғы "___" _____

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2021 жылғы 28 сәуірдегі
№ 150 қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Бобровка өзенінің (оң жағалауы) және оның оң жағалау ағысының (сол жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені, м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
Қарастырылып отырған тұстамадағы Бобровка өзені (оң жағалау)	0,848	2,442	340-352	0,211	0,247	35
Қарастырылып отырған тұстамадағы Бобровка өзенінің оң жағалау ағысы (сол жағалау)				0,228	0,274	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

